

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

«БЕКІТЕМІН»
«Халықаралық туризм және
меймандостық университеті» КЕАҚ
Басқарма Төрайымы - Ректор М.С.Мурзамадиева
« 04 » 09 2020 ж.



2020-2021 оқу жылындағы қабылдау комиссиясы жұмысының есебі

Халықаралық туризм және меймандостық университетінің 2020-2021 оқу жылындағы қабылдау комиссиясы жұмысының есебі

Елбасының бастамасы бойынша және мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 20 наурыздағы қаулысымен Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі жанынан Халықаралық туризм және меймандостық университеті құрылды.

2020-2021 оқу жылына Халықаралық туризм және меймандостық университетіне студент қатарына қабылдау комиссиясының құрамы университет Басқарма төрайымы - Ректорының 18.06.2020 жылғы №П-14 бұйрығымен бекітілді.

Басқарма төрайымы - Ректорының 18.06.2020 жылғы №П-15 бұйрығымен «Халықаралық туризм және меймандостық университетіне оқуға қабылдау ережесі» бекітілді. Халықаралық туризм және меймандостық университетіне оқуға қабылдау Ережесі «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 11) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы №58 «Бакалавр» немесе «магистр» дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру ережелерін бекіту туралы қаулысы және Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес әзірленді.

Сонымен қатар 2020-2021 оқу жылына студенттерді қабылдау жұмыстарын жоғары деңгейде ұйымдастыру мақсатында қабылдау комиссиясының жұмысына жауапты қызметкерлер мен техникалық хатшылар құрамы университет Басқарма төрайымы - Ректорының 18.06.2020 жылғы №П-16 бұйрығымен бекітілді. Олар нормативті-құқықтық актілермен, нұсқаулықтармен толықтай таныстырылып, қажетті анықтама, ереже және әдістемелік материалдармен қамтамасыз етілді.

Үстеміздегі жылы мектеп, колледж бітіруші түлектерді университет мамандықтарына шақыруға бағытталған үгіт-насихат жұмыстары кең көлемде, яғни республика деңгейінде жүргізілді. Университет туралы арнайы фоторепортаж, білім, ғылым, мәдениет, спорт саласындағы жетістіктер туралы мақалалар жарияланды. Университет туралы 2 тілде түсірілген бейнероликтер үздіксіз әлеуметтік желілердегі университеттің ресми парақшаларында жарияланды.

Халықаралық туризм және меймандостық университетінің қабылдау комиссиясының жұмыстары жайлы, құжаттар қабылдау мерзімдері мен тәртіптері мәселелері бойынша баспасөз беттерінде жарық көрген материалдар тізімі №1 кестеде келтірілген.